

№43 “Қызғалдақ” балабақшасы

Гипербелсенді баламен не істеуге болады?

Психокоррекциялық жұмыс

Психолог: С. И. Сейтова

Мақсаты

тәрбиесі қиын балалардың
тәртіп ережелерін дұрыс
түсінуіне жағымсыз
жағдайлардан алшақ болуына,
өз-өзіне баға беруіне
тәрбиелеу.

Қиын балаларды анықтауға арналған бағдарлама

1. “Мен” бейнесін анықтау :

жаттығулар: “Танысу”, “Мен кіммін ?”, “Мен басқаның көзімен”, “Бұл өмірде қандай рөл ойнайсыз?”, ”аффирмация”

2. “Менің ерекшеліктерім” анықтау:

жаттығулар: “Таразы”, “Таразыны талдау”, “Менің құндылықтарым”, “Мені танып ал”, “Жеке ерекшелік” .

3. Өзіндік бағалауын анықтау:

жаттығулар: “Өзін-өзі бағалау” тесті, “Рубинштейн әдістемесі”, “Сезімді тап”, “Автопортрет”, “Мен өзімді бағалайтыным”.

4. Болашаққа көзқарасын анықтау:

жаттығулар: “ Болашақты жоспарлау” , “Мен табысты адаммын!”

5. Оқу мотивациясын анықтау:

жаттығулар: “Мектеп жолы”, “Күнделік”, “Жануарлар мектебі”, “Сөйлемді анықта”.

6. Қорытындылау:

жаттығулар: “Мен қандаймын?”, “Менің проблемам”, “Сиқырлы қол” , “Релаксация”, “Өзін қабылдау”, “Өзіңе өзің көмектес!” сауалнамасы, “Қошемет қуыршағы”.

Тәрбиесі қиын балалармен психокоррекциялық жұмыс жүргізу бағдарламасы

1.Қиын баланы жан-жақты танып ашу(өзінің қиын бала екендігін сезіндіру мақсатында):

Әдістеме: “Қиын бала”

2.Мимика арқылы қарым-қатынасын түзету:

Әдістеме: “Ситуацияны көрсет!”

3.Жаман әдеттерін түзету:

Әдістемелер: “Жақсы жаман қасиеттер”, “Карусель”, “Пікірталас” ойындары
Тапсырма: “Сөйлемді аяқта”

4.Адамгершілікке тәрбиелеу:

Тренинг: “Адамгершілік жүрегі”, “Кім екенін тап!”, “Ауызша воллейбол” ойыны.

5.Жауапкершілікке үйрету:

Тренинг: “Мен саған сенемін!”

6.Өзін-өзі тәрбиелеу:

Тренинг: “Топтың көмегі”, “Ашулы шарлар”, “Ертегі терапия”

7.Лекция арқылы тәрбиелеу:

“Абайдың қара сөздері” музыкамен тыңдату

8.Тәрбиесі қиын балалардың ата-анасымен жұмыс:

9.Тәрбиесі қиын балалардың тәрбиешісімен жұмыс:

10.Релаксация

1. “Қиын бала” әдістемесі

Мақсаты: Өзінің қиын бала екенін сезіндіру.

Тәртібі қиын баланы анықтау үшін тапсырма беріледі:

- 1) Қиын баланың мінезі –
- 2) Қиын баланың ортадағы іс-әрекеті –
- 3) Қиын баланың болашағы –

Оны жеке-жеке мән жайын ашып айту керек. Тапсырманы орындауға 2 минут уақыт беріледі, өз жұмысын қорғайды.

● 2. Мимика арқылы қарым-қатынасты түзету “Ситуацияны көрсет әдістемесі”

Мақсаты: Тәртібі қиын балалардың қарым-қатынасын түзету.

Балаға берілген сұрақтарға сай әр түрлі көңіл-күйді көрсетеді. Ол мынадай ситуацияны көрсетуі керек:

- а) Ойланып тұрған адамның бет-әлпет кескіні.
- ә) Ренжіп тұрған адамның бет-әлпетін бейнеле.
- б) Жылаған адамның бет-жүзі.
- в) Ашулы адамның бет-әлпетін бейнеле.
- г) Таңданған кейіп көрсету.
- д) Өкініп тұрған адамның бет-әлпеті.
- е) Қуанып тұрған адамның бет-әлпетін бейнеле.

Адамның ары таза, көңілі ақ, ниеті түзу болса, ол еш уақытта жамандық ойламайды. Бұл ізгілікті қарым-қатынастың бірден-бір жолы.

3. Жақсы, жаман қасиеттері

Мақсаты: балардың біріншіден өздерін, екіншіден басқа адамдарды танып білу үшін болса, үшіншіден бойындағы жаман қасиеттерін жойып жақсы қасиеттерін асыру.

Айнадағы өзіңіздің бейнеңізге қарап ойланыңыз. Маған қарап тұрған кім? Ол қандай адам?

Бұл жаттығуды ұжым арқылы да жасауға болады. Ұжымда баланы тақта алдына шығарып, ұжымнан баланың алдымен жаман қасиеттерін, кейін жақсы қасиеттерін атап шығуларын өтінуі керек.

Баладан ұжымның айтқанына келісетінін немесе неліктен келіспейтінін сұрау қажет. Осы жағдайдан кейін қандай шешім қабылдайтынын міндетті түрде топ алдында сұрап алу қажет.

4. “Карусель” тренингі

Топ мүшелері “Карусель” принципі бойынша, яғни бір-біріне қарап тұрады және екі шеңбер құрады: ішкі шеңбер қозғалыссыз, ал сыртқы шеңбер қозғалмалы болады.

Ситуация мысалдары:

Автобус ішінде сізге қарама-қайшы адам аяғыңызды басып қалды. Сіздің аяқ киіміңіз су жаңа еді. Сіздің әрекетіңіз.....

Сізге қарсы тұрған тәрбиешіңіз. Тәрбиеші топта сіздің ғана сөйлеп отырғаныңызды байқайтын сияқты, тек сізге ғана дауыс көтереді. Ал сіз кешегі қызықты жайтты әңгімеңізді досыңыз сізден сұрап жатыр, сіздің әрекетіңіз.....

Топ жетекшіңіз сіздің тәртібіңіздің нашарлануына байланысты міндетті түрде ата-анаңызды балабақшаға келуін ескертіп айтты. Ал сіз тек кеше ғана ата-анаңыздан үлкен сөгіс естідіңіз. Одан кейінгі сіздің әрекетіңіз.....(Алдыңызда ата-ана, немесе топ жетекшіңіз тұр.)

Сіздің алдыңызда өзіңіз жақсы танитын, бірақ едәуір ұзақ уақыт бойы көрмеген адам тұр. Сіз бұл кездесуге қуаныштысыз.....

Сіздің қарсы алдыңызда кішкентай бала тұр. Ол әлденеден шошынған. Оған жақындап барыңыз және оны жұбатыңыз.

Сіздің алдыңызда таныс емес адам тұр. Онымен танысыңыз.....

Байланыс орнатуға 3-4 минут уақыт беріледі. Содан соң жүргізуші белгі береді және тренингке қатысушылар келесі қатысушыға жылжиды.

5. “Пікір-талас” ойыны

Мақсаты: *Төзімділікке, дұрыс қарым-қатынас орнатуға үйрету.*

Топ “үштікке”, яғни, үш-үштен бөлінеді. Әрбір үштікке міндеттері бөлініп беріледі. Қатысушылардың

Біріншісі “керең және мылқау” рөлін ойнайды: ол ештеңе естімейді, сөйлей алмайды, бірақ оның құзырында көру, ым-ишара, пантомимика бар;

Екінші қатысушы “керең және сал” адамның рөлін ойнайды: ол сөйлей және көре алады;

Үшіншісі: “соқыр және мылқау” Ол тек естуге және көрсетуге қабілетті.

Барлық үштікке ұсынылатын тапсырма: кездесу орны, уақыты және мақсаты жайында келісу.

6. “Аяқталмаған сөйлем” әдістемесі

Мақсаты: балаларға мейірімділік пен қатыгездікті айыра білуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Жетекші топ мүшелеріне арнап сұрақ даярлайды. Топқа аяқталмаған әдістемесі бойынша сөйлемді аяқтау тапсырылады. Топтың әрбір мүшесі ортадағы жәшіктен қағазды кезектесіп алады, онда жазылған ойды аяқтауы керек.

“Жақсы қасиет” деп

“Жаман қасиет” деп

Адамдардың бойындағы қасиеттер.....?

Ақылсыз болу деп

Ақылды болу үшін не істеу керек.....



7. “Ауызша воллейбол” ойыны

Мақсаты: *Адамгершілікке тәрбиелеу.*

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек. Мысалы: шыншылдық, мейірімділік, адамгершілік, әділдік, кішіпейілділік, батылдық, ұстамдылық, жанашырлық.

8. “Мен саған сенемін” әдістемесі

Мақсаты: *Сенімділік қасиетін күшейту.*

Қатысушылар жұп құрып, бір-бірінің көздеріне қарап отырады. Алғашында ыңғайсыз сезінеді, содан кейін өз ойларын кезектесіп, мынадай сөзден бастап айтады. Мысалы: “Мен саған сенемін....” өйткені, сен жақсы адамсың. Осы кезде әуен ойнап тұруы қажет.

9. Өзін-өзі тәрбиелеу

“Топтың көмегі” әдістемесі

Мақсаты: *Ұжым арқылы тәрбиелеу.*

Әрбір қатысушы ортаға шығып 1 минут ішінде өзін топқа таныстырады. Ол сабақтан не алғысы келетінін, өзінің қиындықтарын қысқа және нақты айтып, топтан осы қиындықтарды жеңу үшін топтан көмек сұрауы қажет. Қалған балалар кезегімен шешу жолдарын қарастырып ойларын айтады.

10. “Ашулы шарлар” тренингі

Мақсаты: Тәртібі қиын балалардың агрессиядан шығу жолдары.

Шарты: 8-10 баланы ортаға шығарып, үрлеп оларды байлауын сұраңыздар.

Қатысушыларға түсіндіріңіздер! Шарлар адамның денесін бейнелейді, ал оның ішіндегі ауа – сезімін.

Қатысушылар аяқтарымен шарды жару керек.

Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңыздар. Ашудың осылай шыққаны дұрыс жол ма? Ондай ашудан кейін қандай сезімде боласыздар?

Бұлай қатты жарылған шар ол агрессияны білдіреді, ол қатерлі жол.

Енді қатысушыларға жаңа шар беріп үрлеуді ұсыныңыз. Оны байламай ұстап тұрыңыздар. Бұл шарлар ашу толы сезімді білдіреді, ал енді шарды жайлап аузына жарты ауасын жіберіңіздер.

Шар кішірейеді, бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуды бақылап шығарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді.

Енді қатысушыларға шардағы ауаны толығымен шығаруды ұсыныңыздар. Бұл нені білдіреді? Ашудың қауіпсіз жолын табу - әр адамның өз қолында.

11. “Ертегі терапиясы”

1-жаттығу:

Мақсаты: *Өзін-өзі тәрбиелеуді күшейту, өз ерік күшімен күрес.*

Балалар орындықта аяқтарын созып, отырады. 10-ға дейін санағанда балалар қимылдамай қатып қалуға тиіс. Содан кейін жайлап барып балаларды қытықтаймыз. Балалар қатып қалған күйін сақтауы керек. Басқа қатардағы баламен салыстырмалы түрде жарысады. Қай қатар өз-өздерін ұстай біледі екен. Күліп немесе қимылдаған бала қайта ойынды жүргізетін болады.

12. 2-Жаттығу

Мақсаты: *Өзін-өзі ұстай білуге үйрету.*

Қалам ұшымен белгілі әріпті ауада көрсетеміз. Сол әріпті анықтаған балалар шуламай, шапалақ ұрып жай сыбырлап айтуы, немесе белгілі бір жануарлардың дыбысын шығарады. Қатты дыбыс шығарған адам ойыннан шығады. Қайта ойнағанда , балалардан біреуі жүргізуші болады.

12. Тәрбиесі қиын балаларға арналған лекция. “Абайдың қара сөздері”

Мақсаты: *“Абайдың қара сөздерін” тәрбиесі қиын балаларға музыка арқылы тыңдатып сана сезіміне әсер ету. Абайдың 5-ші қара сөзі:*

.....Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.....

13. Тәрбиесі қиын балалардың ата-анасымен психокоррекциялық жұмыс.

Мақсаты: *Ата-аналарды қолдау – балалармен ұтымды өзара әрекеттестікті дамыту.*

Мен және менің балам - өзара түсіністікті іздеуді қалыптастыру:

“Әңгіме” әдістемесі.

2. Баланың бойында жауапкершілікті дамытуға, ата-ана көмегімен қақтығыссыз тәртіпке келтіру жолдарына арналған лекциялар және кеңестер беру.

Жақсы мінез-құлықты мадақтау, әсер етуші мақтау қандай болуы шарт?

Ережелер туралы түсінік.

14. Тәрбиесі қиын балалардың тәрбиешілерімен жұмыс.

Мақсаты: *Эмоционалды жағымды қатынас жасауға, кәсіби әрекетті орындауға ерекшелігінен танысу арқылы мүмкінділігін дұрыс пайдалана білуге, дағдылар арқылы қалыптастыру.*

Тәрбиешілердің кәсіби бейімділігін жетілдіруге арналған жаттығулар:

“Қожайын”, “Тұсаукесер”, “Қозқиық”, “Сиқырлы орындық” жаттығулары.

2. “Әңгіме” әдістемесі

3. Тәрбиешілерге тәрбиесі қиын балаларға байланысты психологиялық кеңес беру.

15. Релаксация

Мақсаты: *Тәрбиесі қиын баланың қызуқанды сәтінен айыру, босаңсыту.*

“Мен бақытты баламын”. Баяу сазды үнімен үшке дейін санап гүл бағына саяхатқа баруды ұсынамын:

- “Қараңдаршы, гүл бағында гүлдер қандай көп!

Әсем, әдемі гүлдер жайқалып өсіп тұр. Гүлдерге қарап күн күлімдейді. Гүлдер күлтелерін ашып, күнге күлімдейді.

- Қараңдаршы! Бақтағы сайраған құстың дауысы, сылдырап аққан судың дауысы естіледі. Бетімізге самал жел лебі еседі. Аңқыған гүлдердің хош иісі келіп тұр. Осы гүлдердің арасынан өздеріне ұнаған гүлдерді теріп алып, ең жақын туысыңа, ең жақсы досыңа сыйла.

Балалар өздеріне ұнаған гүлдерді атайды және өздерінің көңіл-күйлері жөнінде әңгімелейді.